

**Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің ағымдағы жағдайы және оларға қаржылық қолдау көрсетуге қатысты**

Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың ағымдағы жылғы егін жинау алаңы **17,3 млн. га** құрайды.

Бүгінгі таңда республика бойынша барлығы **8,1 млн. га** дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар немесе **47,2%** жиналды. Гектарына **9,3** центнер орташа өнімділігімен **7,6 млн. тонна** астық бастырылды (2022 жылы - орташа өнімділігі гектарына 12,2 центнерді құраған 15,5 млн. тонна бастырылды).

Салыстыру үшін өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде **12,7 млн. га** немесе **79,2%-ы** жиналды.

Бұл ретте егіс науқаны оңтайлы аграрлық мерзімде жүргізілді, жазғы ауа-райы республиканың басым бөлігінде қалыпты шектерде болды, егін жинау науқанына дайындық кезінде техниканың дайындығы 100% қамтамасыз етілді, жеңілдікті ЖЖМ жөнелту кестеге сәйкес басталды.

Негізгі астық егетін аймақтарда **3 аптадан астам** уақытқа созылған ұзақ жауын-шашын өз кесірін тигізді, бұл жаңа дақылдың астық сапасының нашарлауына, астықтың өнуіне, жоғары ылғалдылық пен рефракцияға және дәнді дақылдардың төмен өнімділігіне әкелді.

Ауа-райынан зардап шеккен барлық өңірлерде барлық мүдделі органдар мен ұйымдарды қоса отырып, салдары ауқымын айқындау үшін жұмыс комиссиялары құрылды.

Жұмыс комиссиялары еліміздің зардап шеккен барлық аймақтарын аралап, егін жинау жұмыстарының барысына талдау жүргізді. Осылайша, әкімдіктердің мәліметі бойынша, **2,7 млн. гектар** алаңда немесе жалпы жиналған алаңның **15 %-да** дәннің өніп жатқаны байқалады.

Орташа өнімділік өткен жылғы деңгейден гектарына **2,9 центнерге** төмен екендігін айта кету керек.

Қазір барлық өңірлерде егін жинау техникасы жаппай егіс алаңына шығып, егін жинау жұмыстары жалғасуда.

Шығу қорытындысы бойынша фермерлерді қолдау және нөсер жаңбырдың салдарын азайту мақсатында мынадай шаралар қабылданды:

1. **ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп астықты кептіру үшін дизель отынын бөлу** мәселесі пысықталды. **18 қыркүйектен** бастап ақпараттық жүйеде өтінімдерді қабылдау басталды.

Әкімдіктердің деректері бойынша облыстардың ауыл шаруашылығы дақылдарын кептіруге арналған дизель отынына жалпы қажеттілігі **73 мың тоннаны** құрайды, оның бағасы литріне **250 теңгеден** аспауы қажет.

2. Кептіру жөніндегі қызметтерге бағаның өсуіне жол бермей элеваторлардың тәулік бойы жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

3. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі – Бәйтерек Холдингі) «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарына стационарлық және жылжымалы астық

кептіргіштерді лизингке алуға фермерлердің өтінімдерін жылдамдатып қарауды жүзеге асыру тапсырылды.

4. «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы) тұқым қорын қалыптастыру мақсатында қолда бар астық қорларының тұқым ретінде пайдалануға жарамдылығына сараптама жүргізуді бастады.

Сонымен қатар келесі шараларды қабылдау қажет:

**1. Бәйтерек Холдингі мен Азық-түлік корпорациясының қаржы институттары** өңірлердегі комиссиялардың жұмысы негізінде жеке тәртіппен кредиттерді ұзарту мәселелерін пысықтауы қажет. Мұнда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін айыппұл санкцияларын қоймай ұзарту қажеттілігі маңызды фактор болып табылады.

Осыған байланысты ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Бәйтерек» Холдингімен бірлесіп бюджеттік кредитті қайта құрылымдау мәселесін шешу үшін қажетті рәсімдерді жүргізу бойынша жұмысты бастады.

2. Қазіргі уақытта әкімдіктердің деректері бойынша субсидиялаудың барлық бағыттары бойынша фермерлер алдындағы міндеттемелерді жабуға бюджет қаражатына қажеттілік **155,5 млрд. теңгені** құрайды. Фермерлерге субсидияларды толық көлемде төлеу оларды кредиттер мен жалақы бойынша өтеуге арналған қаражатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Министрлік жоғарыда аталған шараларды қабылдады. Министрлік тарапынан барлық мәселелер жедел шешіліп, барлық қажетті ресурстар тартылатын болады, бұл мәселе тұрақты және ерекше бақылауда тұр.

***Құрғақшылық фактілері бар аймақтарда төтенше жағдай жариялауға қатысты***

Соңғы жылдардағы вегетациялық кезеңнің талдауы көрсеткендей, климаттың өзгеруі нәтижесінде су тапшылығы өткір байқалады, соның салдарынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шығындалып отыр.

Ағымдағы жылы Жамбыл облысындағы құрғақшылық салдарынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шығынға ұшырады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә. А. Смайыловтың 2023 жылғы 21 тамыздағы № 131-ө өкіміне сәйкес табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды.

Жамбыл облысының әкімдігі 392 ауыл шаруашылығы субъектілерінің тізімін жасады. Құрғақшылық салдарынан Байзақ, Жамбыл, Қордай, Мерке, Тұрар Рысқұлов және Талас аудандарында 9234 гектар алаңның егіс алқаптары бүлініп, ал АӨК субъектілеріне келтірілген залалды өтеу сомасы 3,7 млрд. теңгені құрады.

Жамбыл облысының әкімдігі бұл сома өсімдік шаруашылығы саласындағы ғылыми ұйымдармен келісілген технологиялық карта негізінде, сондай-ақ АШТӨ алған субсидиялар көлемін шегергенде айқындалған.

ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасына сәйкес Министрлік Жамбыл облысының АӨК субъектілеріне келтірілген залалды өтеу үшін 3,7 млрд. теңге сомасында қаражат бөлу туралы қаулы жобасын әзірледі, ол ағымдағы жылдың 19 қыркүйегінде ҚР Үкіметінің отырысында қаралып, мақұлданды.

Қаражат бөлуді жақын арада жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұл шара АШТӨ-ні келесі жылдың көктемгі дала жұмыстарына дайындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

***Республика бойынша агрометеорологиялық болжамдарға қатысты***

***Қазақстан аумағы бойынша климаттық сипаттамасы:***

***2023 жылғы қыркүйек айы бойынша (21.09.23-30.09.23 жж.)***

«Қазгидромет» РМК (бұдан әрі – Қазгидромет) мәліметтеріне сәйкес, қыркүйектің үшінші онкүндігінде жалпы республика бойынша жаңбыр жауады деп күтілуде.

Бұл ретте солтүстіктің негізгі астық егетін аудандарда ауа температурасы түнде +2+7°C-тан +15+23°C-қа дейін ауытқиды, онкүндіктің басында және соңында топырақ бетінде 1°-қа дейін үсік байқалады, күндіз ауа температурасы +10+16°-тан +20+25°C-қа дейін көтеріледі.

***2023 жылғы қазанға***

Қазгидрометтің мәліметтері бойынша, қыркүйек айымен салыстырғанда орташа айлық ауа температурасының төмендеуі 8-10°C, оңтүстік облыстарда 5-8°C-қа түседі. Ауаның орташа айлық температурасы оң күйінде сақталады: солтүстік бөлігінде +3+8°C, оңтүстікте +9+14°C.

***2023 жылдың қазан айында жауын-шашынның күтілетін қалыптан ауытқуы***

Қазан айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде қалыпты жағдайда, Қызылорда, Ұлытау облыстарының басым бөлігінде, Түркістан облысының солтүстік-батысында нормадан төмен, Батыс Қазақстан облысында, Ақтөбе облысының солтүстігінде және Қостанай облысының солтүстік – батысында нормадан жоғары болады деп болжануда.